

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТІРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТУРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

Факультет деканы:

_____ Турдыбаев Қ.

«_____» _____ 2014ж.

5120100-филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы) бакалавр
бағдарының 4-курс студенті Иманбаев Арманның
«Қадыр Мырзалиев және қазақ балалар поэзиясы»
тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖУМЫСЫ

Қоғауға рұқсат берілді
Туркі филологиясы
Ғылыми жетекші

доц. Аралбаев Қ.

Кафедрасының меңгерушісі

Адилова Г.

«_____» _____ 2014ж.

НӨКІС-2014-жыл

Жоспары.

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім.

1. Қадыр Мырзалиев өлеңдеріндегі балдырғандар бейнесі.

2. Ақын сабағы- дүниетаным құралы.

3. Ақын ана тілі туралы және балаларға арналған өлеңдердің тілі, көркемдігі.

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе

Қазіргі қазақ балалар әдебиеті - сан жылдар бойына жинақтаған бай тәжірибесі бар, сан жанрлы, сан салалы әдебиет. Балалар әдебиетін жақсартуға, дамуына үкіметіміз тарапынан көңіл бөлінуде. Талай рет Алматы, Астана қалаларында балалар әдебиетіне арналған симпозиумдар болып өтті. Үкіметіміз жыл сайын балаларға арналған үздік шығармаларға бәйге жариялап, сыйлықтар беріп отырады.

Балалар әдебиеті жас ұрпақты ата-бабалар дәстүріне садық, өз елінің, ұлтының жанкүйер азаматы етіп тәрбиелеуде ең басты фактор. Ол үшін Республикамызда жүзеге асырылып жатырған тәлім дәстүрі-руханиятты тәрбиелеу, дамыту шаралары нақты дәлел бола алады.

Президентіміз И. А. Каримов өзінің «Узбекистон буюк келажак сари» деп аталатын бағалы еңбегінде жастар тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетіп берген болатын:

«Таълим Узбекистон халқи маънавиятига яратувчилик фаоллигини бахш этади. Усиб келётган авлоднинг энг яхши имкониятлари унда намоён булади, касб-кори, махорати узлуксиз такомиллашади, катта-катта авлодларнинг доно тажрибаси онглаб олинади ва ёш авлодга утади. Ёшлар, уларнинг иқтидорлигида таълим ва маданиятни, маънавиятни тушиниб етиш бошланади.»

Бұл даналық ой-пікірлер ұрпақтар жалғастығының маңызын өте дәл, керемет көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, балаларды Отанымыздың ең жетік, адал, патриот азаматтары етіп тәрбиелеу баршаның міндеті, қасиетті борышы екендігін аңғару онша қиынға соқпаса керек.

Қазақ балалар әдебиетінің даму жолына көз салсақ, әдебиетіміздің іргетасын қаласқан Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқановтардан бастап баршасының да балалар әдебиетіне соқпай кеткендері жоқ. Олар ең жақсы шығармаларын да балаларға арнады.

Қазақ балалар әдебиеті тарихында олардың алатын орны өте қомақты. Балалар әдебиетін өздерінің талант көздерінің бастау бұлағы еткен,

тек бала жанының бағбаны болуды өз творчествосының мақсат-мұратына айналдырған кешегі Өтебай Тұрманжанов, Сапарғали Бегалин, Қалмақан Әбдіқадыров, Бердібек Соқпақпаев, Сансызбай Сарғасқаев, Машқар Гумеров, Әнуарбек Дүйсенбаев тәрізді ондаған ақын- жазушыларымыз қазақ балаларының сүйікті жазушылары болып танылып отыр.

Қазақ балалар әдебиетінің үлкен бір саласы – балалар поэзиясы. Мұның үлкен болатын себебі де бар. Ертеден халық бойына сіңіп, ойына ұялаған жас ұрпақтың эстетикалық сезімін оятып , көзқарасын қалыптастырған ауыз әдебиетінің үлгілерінде өлендету дәстүрі басым болатын. Басқалардың алғаш дүниеге тануына көмектесетін ойындардың өзі:

Бақа, бақа балпақ,

Басың неге жалпақ?

...Бір дегенім білеу,

Екі дегенім егеу,

-деген сияқты ойнақы, ұйқасты тіркестермен айтылатын сөздерге негізделген. Бала ойын мен ойыншық арқылы күрделі өмірді тануға үйренсе, ұйқасты тіркестер өлеңге деген олардың құмарлығын оятады, тілін дамытады. Халық ауыз әдебиетіндегі жұмбақтар мен аңыздар, жаңылтпаштар мен тақпақтардың да бұл тұрғыда бала ұғымын кеңейтіп, ойының күрделенуіне , әзіл-оспақ , ойын сөздердің астарын ұғуға, тіл байлығын меңгеруіне қаншалықты көмегі тиетінін дәлелдеуді керек етпейді.

Кешегі кеңестік дәуірде өскен біздің балалар поэзиясы да осы халықтық әдебиет дәстүрін негізге ала отырып дамыды. Бұл жанрдың үздік туындылары да бала ұғымының кеңеюі мен ой-өрісінің өсуіне, олардың өмір тануына көмектесіп келеді. Ақындарымыз балалар ойынынан бастап, олардың күнделікті әрекет тіршілігін, жақсы-жаман қылықтары мен мінездері, оқуы мен еңбегін өлең қылады. Сол арқылы жас ұрпақты жақсыға үйренуге, жаманнан жиренуге үйретеді. Бұл арада біз бүгінгі поэзияның өмірдің жаңа құбылыстарын жырлай отырып, ауыз әдебиетінің сахна сарынында қалып қоймай, жаңа мазмұнға лайық түр, ырғақ тауып дамып

келе жатқандығын атап айтуымыз керек . Жаңа мазмұнды өлең-жырлармен бірге жаңа тақпақ пен жаңылтпаштар, санамақ пен жұмбақтар да молайып, өмірдің бүгінгі жаңалықтарын балалар поэзиясына алып келгенін көреміз.

Қазіргі қазақ балалар поэзиясы, оның сан-салалы жанрлық, көркемдік мәселелері сөз болса, ең алдымен Қадыр Мырзалиев творчествосы тілге алынады. Қадыр аса талантты ақын . Ол лирик, философ ақындар қатарындағы поэзиямыздың талантты өкілдерінің бірінен есептеледі. Дей тұрғанмен, Қадыр әдебиетке алғаш келгенде балалар ақыны ретінде келген еді де, осыдан бір уақытта көз жазған емес. Қадырдың тек балаларға арнап жазған қазақ тілінде жарияланған кітаптарының саны он екіге жетіпті. Әсіресе, балалар поэзиясына үлкен үлес болып қосылған туындылары орыс, өзбек тағы басқа тілдерге аударылып, көрші елдердегі оқырмандарына кең мәлім болып отыр. Ақының қазақ балалар поэзиясына сүбелі үлес болып қосылған кітаптары : «Көктем»(1959), «Жаңғалақтар»(1960 , «Кішкене Қожанасырлар» (1961), «Данышпан»(1961), «Қоян-Ноян» (19620), «Алуан-Палуан» (1963), «Мешін және адам»(1968), «Күміс қоңырау» (1970), «Шымыр жаңғақ» (1984), «Күміс қоңырау» (1985).

Қадыр Мырзалиевтің поэзиясы, әсіресе, лирикалық өлеңдері әдебиет сыншыларын ешуақытта бейтарап қалдырған емес, Мерзімді баспасөзде ақын творчествосы, оның жаңа жыр жинақтары туралы сын-рецензиялар, мақалалар жиі жарияланып келеді, Аға сыншы академик Мұхаметжан Қаратаевтан бастап С. Қирабаев, З. Қабдолов Ә. Жәмішев, М. Базарбаев мақалалары мұның айқын дәлелі. Бірақ Қадыр творчествосына арнаулы түрде тоқтап, ақын поэзиясын бар қырынан толық түрде зерттеген еңбектер әлі жариялана қойған жоқ. Бұл әрине, келешектің ісі. Жас әдебиет зерттеушілері, сыншылар Т.Тоқбергенов, С. Әшімбаев, А. Егеубаевтар өз мақалаларында Қ. Мырзалиев поэзиясы туралы өз лебіздерін білдіріп келеді. Дегенмен , Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы балалар тақырыбы деген проблема әдебиеттану ғылымына әлі қойылмаған тәрізді. Әрине, Қадырдың балаларға арналған поэзиялық туындылары ақынның ойлы да

отты, философиялық толғаныстарға толы лирикасынан олқылау түсіп жатуы да мүмкін. Бірақ, ақиқатқа жүгінер болсақ, Қадырдың балаларға арналған өлеңдері басқа қазақ ақындарының поэзиясының ешбірінен де төмен емес, керісінше, көбінен көркемдігі, ойлылығы т.б. идеялық-көркемдік өлшемдер тұрғысынан артық екендігін айтуға тиіспіз.

Балалар поэзиясы, жалпы балалар әдебиеті жөнінде марқұм Шеген Ахметовтың «Қазақ балалар әдебиеті» атты монографиясынан басқа дербес те көлемді зерттеу еңбектері әлі жарық көре қойған жоқ. Тек коллективті жинақ «Сөзстанның» 1983 жылғы саны ғана балалар поэзиясының даму жолы проблемалық, көркемдік мәселелеріне арналған. Мұнда да жекелеген мақалалар мен жазушылардың творчестволық портреттері ғана берілгенін айту қажет.

Әрине, қазақ балалар әдебиеті туралы профессор С. Қирабаевтың, сыншы С. Сеітовтың тағы басқа әдебиетшілердің жекелеген мақалары бар. Олар қазіргі балалар әдебиетін бар қырынан айқын да толық таныта алмаса керек.

Қазақ балалар әдебиетін де өзінің ішкі табиғаты мен тақырыптық өзгешеліктеріне қарап бірнеше салаға жіктей отырып, талдаған тиімді болады. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдебиет шығармалары, бастауыш немесе төменгі сынып оқушыларына арналған шығармалар және орта мектеп оқушылары өмірін бейнелейтін әдеби туындылар деп бөле қарап, жүйелеп зерттеу қазіргі ғылымда тұрақты орын алып отырған.

Қадыр Мырзалиев творчествосын, оның ішінде поэзияны бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, алдымен мектепке дейінгі және төменгі сынып оқушыларына арналған әдебиет қатарына жатқызуға болады.

Бұдан Қадыр тек қана сәбилер үшін жазатын ақын екен деген ұғым тұмауы қажет. Қадырдың өлеңдерін балалар да, үлкендер де сүйіп оқиды. Жақсы, татымды шығармаларды балалардікі немесе үлкендердікі деп жіктеу де шартты түрде болмақшы.

Қадыр Мырзалиев әдебиетімізге елуінші жылдардың аяғында келіп қосылды. Содан бері оның қаламынан отызға тарта кітап туындысы, соның оншақтысы балаларға арнап жазылған шығармалар екендігін жоғарыда атап көрсеткен болатынбыз.

Осыдан он-он бес жыл бұрын өзіміздің туған әдебиетімізде жаңа бір қуатты толқын басталып, өнер мұхитының көкжиегі кеңейіп сала бергені бәріміздің есімізде. Мынау алаулы дәуіріміздің от тынысы мен зерделі замандасымыздың жүрек дүрсіліне құлақ тіккен қаламгерлералтын шыққан жерді белден қазып келеді. Өмірді шынайы реализм тұрғысынан шыншыл бейнелеу-көркем сөздің құдіретін аша түсіп, талант қиялын қияға самғатты. Сол дарын иесінің бірі-Қадыр Мырзалиев.

Ақын шығармалары бұл күнде рухани байлығымызға айналып, көңіл көгіне көтеріліп барады. Оның қаламынан туған «Күміс қоңырау» мен «Ақ отау», «Бұл-бұл бағы», «Ой орманы», «Дала дидарын» жинақтаған «Көш» қос кітапты «Домбра» және «Жерұйық» былай қарағанда еш таланттың тақиясына тар келмейді, ал Қадыр биігінен қарасақ, көп те емес. Осынау қаламгер туралы біраз дүние жазылыпта қалды, бірақ қолдағы көркем мүлік пен сын жиһазын сарапқа салсақ, кейінгісінің жұпынырақ жатқаны сезіледі. Сөйтіп ақынның қазақ поэзиясының жайқалған жасыл бағына әкеп тіккен жыр отауының құпия-сыры қандай?-деген сұраққа жауап берер уақыт жетті.

Ақын кітаптарының тақырыбымен уақыт айдыны қаншама кең болғанмен, бәрін жинақтап, негізгі өзек-арнаға құйғызып отырған бір дара мақсатты байқамауға болмайды Қадыр поэзиясы көп қырлы: еркіндеу де, қиналу да бар; бақыт пен шаттықта жетеді; сүю, күй, жану да жоқ емес, мүмкін күйініш молырақ шығар. Ақын күйзелсе, мойынына бұршақ салып тілесе, туған жердің мерейі, адамгершіліктің асқақ туы аспан астында ылғи алаулап тұрса екен деп тілейді және де сол ізгі арман-мақсат үшін өзінің бүкіл жауынгер творчествосын атқа мінгізеді. Міне, Мырзалиев поэзиясының құнарын осынауізгі мақсат-тілекте іздеген ләзім.

Өз тағдыры-халқының тағдыры, халқының тағдыры-өз тағдыры, өз мерейі, өз мүддесі екенін Қадыр мейлінше сезінген ақын. Тарих салған ойдым-ойдым таңба-белгі мен уақыттың үлкен тұлға-бітімін сондай ақын ғана жасай алады. Поэзия автор сезімінің айнасы болғанмен, ол ел жырына айналып, заман, замандастың рухани-эстетикалық байлығы болып, идеологияның көк семсері ретінде көптің көз жанарында жарқылдап көңіл көгінде күн нұрындай ойнаса ғана өнер. Тек өмірдің алау лебі ескен өлең ғана қашанда халықтың көкейіне сіңіп, көкірегінде қалмақ. Қадыр поэзиясы- сондай поэзия, біздің ұрпақтың бейнесін сомдап соққан рухты поэзия. XX ғасырдың екінші жартысы- Сәкен жырлаған он жетінші жылдың жалғасы, жалғасы ғана емес, жаңа беті. Міне, Қадыр поэзиясының жаңалығы мен қуаты осы уақытпен, осы уақыт жаңалығымен, замандасымыздың тұлғасымен өлшенеді.

Әдетте көркем өнерде автордың бүкіл сезім-сенімі, ақыл-парасаты, жан дүниесі жатады. Әрине, ондағы идеал аспанын, тағдыр теңізін өмірдің өзі туғызады. Қадыр поэзиясын саралағанда, ой-қиял шеңберінің кеңдігі еріксіз көзге түседі.

Маған өнер адамының бір басында екі түрлі табиғат, екі түрлі мінез бардай елестейді: бірі-күнделікті тіршілікте арамызда ойнап-күліп жүрген дос-жаранымыз; екіншісі-тылсым сезім, терең ой иесі.

Қадыр- зерделі дарын. Ол маған әрқашан да құлақ күйіне келген шешен домбырадай елестейді: сенің көңіл-қошың ақын жанынан қалтқысыз үндестік тауып жатады.

Жазушы өмірді терең де, толықта біледі, ол туралы философиялық танымға ие екендігін әрбір оқушы таныса керек. Көрген, таныған нәрсені табиғат берген талантпен оқырман қауымға жеткізе білу шеберлігі тағы бар. Сондықтан да шығар Қадыр болмысты ешбір бүкпесіз қабылдап, оны кең тынысты диапазонда ешбір артық бояусыз жеткізеді. Оның шығармалары ешбір жұтандық танытып, жауыр болған тіркеспен жүрек шайлықтырмайды. Қайта замандасы десе аппақ жүрегін айқара ашып,

өзіндік ашық даусымен, әлемдік даусымен үн қатады. Оның жырынан заман тұлғасы, халық бейнесі, тарих, туған дала дарқандығы самал болып еседі. Қадыр өлеңді үлкендерге де арнап жазады. Кімге, қай жастағыларға арнап жазса да жаңылмайды. Біздің негізгі объектіміз ақынның осы кішкентайларға арнап жазған туындылары болмақ.

Қадыр Мырзалиев қазақ топырағына Арк. Гайдар, С. Маршак, М. Пришвин, К. Жуковскийдің үлгілерінен үйрене отырып, жаңа дүниелер әкелді. Ол дүниелері - ақынның балаларға арнап жазылған дүниелерінің ішіндегі інжу-маржандарының жиынтығы болып табылатын- «Күміс қоңырау» атты өлеңдер жинағы.

«Күміс қоңырау» 1970 жылы, екінші рет 1985 жылы толықтырып жарық көрді. Әрқайсысы 40 мың тиражбен шықты. Осының өзі-ақ Қадырдың кітаптарына балалардың қаншалықты құмарлығы мен ынтығуын қасиеттесе керек.

Біз мамандық жұмысымызда «Күміс қоңыраудың» 2005 жылы шыққан нұсқасын басшылыққа алдық та, негізгі талдауымыз бен ой- пікірімізді осы жинақ айналасына құрдық. Бес жүз беттен тұратын бұл жинақта сан алуан тақырыпты қамтитын жүздеген шығармалар берілген. Әрине, олардың бәрін талдау мақсат еетілмейді. Негізгі мақсат қазіргі қазақ балалар поэзиясына Қадырдың қосқан сыбағалы үлесін, орнықты орнын анықтау. Балалардың танымын, көзқарасы мен білімін нығайтудағы, оларды жақсылыққа үйретіп, жамандықтан жирентудегі қадір- қасиетін айқындау болып табылады.

Мамандық жұмысымың алғашқы бөлімінде Қадыр Мырзалиев жасаған жас балдырғандар бейнесін жан- жақты талдауды мақсат еттік. Қазіргі балалар іс- әрекеттің адамы, қимыл- қозғалысы, дамуы өте шапшаң. Заман ағысы да осыны талап етеді. Тез даму, қауырт қимыл үстінде олардың ойлау қабілеттері де әр алуан сипатта көрініп отырады. Алғашқы бөлімді «Балдырғандар бейнесі» деп атай отырып, қазіргі балалар кімдер, олар немен тыныстайды, нені ойлап, нені армандайды - деген сұрақтарға ақын өлеңдері арқылы жауап беруге ұмтылыс жасадық.

Сонымен бірге, Қадырдың балаларға арналған поэзиясының тағы бір ерекше қасиеті - танымдық, білімдік салмағының басымдығында. Қадыр жалаң дидактикадан бойын аулақ ұстайды, тәрбие мен ақылды балаларға іс-әрекет, ойын, ойлау т.б. арқылы сабақ үстінде ұқтырып отырады. Жұмыстың екінші таруында «Күміс қоңыраудың» «Сабақ» деп аталатын бөлімі жан-жақты сөз болады, олардағы балалар, іс-әрекеттері, айналадағы табиғат, хайуанат дүниесіне балалардың қатынасы сияқты тәрбиелік мәні күшті мәселелерге тоқталдық. Бұл тарауды «Ақын сабағы- дүниетаным құралы» деп атауды мақұл көрдік. Себебі «сабақ» дүниетануға құрылады. Мұнда құстар, хайуанаттар, кәсіп-өнер түрлері туралы жас балдырғандарға кең түсінік, нақты мәлімет беріледі де, солар арқылы олардың дүниетанымын, табиғат пен қоршаған ортаны аялай, түсіне білуін, ақыл-парасаттылығын күшейте түсу мақсат етледі.

Қадырдың балалар поэзиясы - тіл жағынан да, көркемдік бітімі тұрғысынан да ерекше сөз қылуға тұрарлық дүниелер. Өлең өрнегі, ұйқас, тапқырлыққа баулудағы ақын ізденістерін жұмыстың соңғы таруында сөз етеміз. Қадырдың балаларға арналған поэзиясы туралы мақалалар өте аз, тіпті жоқ деуге боларлық. Тек профессор С. Қирабаевтың «Қазақ балалар» поэзиясы атты мақаласында азын- аулақ аталып өткені болмаса, арнайы мақала кездестіре алған жоқпыз. Сондықтан да жұмысты жазу барысында «Күміс қоңырау» жинағын өзімізше талдап, өзімізше пікір қорыттық.

Біздің бұл жұмысымыз белгілі ақынымыздың қазақ балалар поэзиясына қосқан үлесін, оның маңызы мен мәнін сәл де болса ашып беруге септігін тигізсе, негізгі мақсатымызды орындап шыға алған болар едік.

Қадыр Мырзалиев өлеңдеріндегі балдырғандар бейнесі.

Бүгінгі ересек адамдар бір кезде бала болғаны ақиқат. Олардың бәріне тән бір ерекшелік- бала кезінде естіген, оқыған, жаттап алған дүниелерін ұмытпайтындығы. Адам есейе келе оқыған- тоқығандарының біразын естен шығарып алатындығы белгілі, бірақ бала кезде құлағына сіңіп, кеудеңе құйылған өлеңдер мен тақпақтар, ертегілер мен жұмбақтар есейген шағында да есіңнен кетпейді, бір уақыт осыларды қызыға да құмарта еске аласың. Мұның сыры бала жүректің тазалығы мен бала қабілетінің мықтылығында. Бала көңілі әдебиетке де ерекше шын жүрекпен беріле құлай кетеді, естігенін, оқығанын риясыз таза көңілмен қабылдайды, одан ләззат алады.

Міне осындай, есейген шағында да есіңнен кетпейтін шығармалардың авторы - Қадыр Мырзалиев деуге әбден болады.

«Ақын қуанса өте қатты қуанып, қайғырса, өте қатты қайғырып, сүйсе беріле сүйіп, жоқ нәрсеге бола тез өкпелей қалатын жан десек, балалар да сондай. Философ, әр нәрсенің тамырына үңіліп, міндетті түрле құпиясын білгісі келетін ойланмаз жан десек, балалар да сондай . Балалар әрі ақын, әрі философ»,- дейді ғылым әрі педагог Я. Корчак.

Ендеше балалар жанына барлық болмысың, психологияң бала болып, жүрек қылың бала жүрегінің нәзік үніне үндесіп кетуі қажет. «Кез келген жазушы балалар жазушысы болып бейімделуі қиын. Ол үшін арнайы туу керек»,- деген ұлы орыс сыншысы В. Г. Белинский. Нағыз ақын мен сәби мен таза көңіл балалар арасында ұқсастық та, бірлік те, сәйкестік те бар. Қадыр Мырзалиев өзінің бір өлеңінде:

Ақын бала сөкпеңдер, сендер оны

Бала деген қашан да шындықты айтар,-

деп ағынан жарылған болатын. Міне, сол айтқан Қадыр балаларға арналған өлеңдерінде - бала болып ойлай да, бала болып сөйлей де біледі. Содан да болар, Қадыр жасаған балалар бейнесі, әсіресе, бала жанды лирикалық кейіпкер бәрімізге етене жақын, оның бойынан біздер бір кездегі өз бейнемізді, өз тіршілік-тынысымызды сезгендей боламыз. Мәселен:

Қорқытпақ болып інімді,
Шақырып бар жынымды,
Құбыжық қып өзімді,
Ойнақшытып көзімді,
Айналдырып тонымды,
Күжірейтіп жонымды,
Тымақ киіп басыма,
Қарады да таңданып,
Қасындағы талды алып
Қорқу қайда ол білді,
Қақ маңдайдан қондырды.

Бұл жолдар ешбір боямасыз, қоспасы жоқ балдырғандардың тірлігі. Мұнда жас балдырған бәрімізге таныс, ерке де тентек бала келбеті көз алдымызға көлбеңдейді.

Қадыр Мырзалиев жалпы творчествосында, әсіресе, балаларға арналған туындыларында қызыл сөзге, әсірелеуге берілмейді, боямалықтан үнемі бойын аулақ ұстайды. Ақын айналадан нені ойына түйді, нені қызықтап, неге мәз болды, не үшін ренжіді?.. Міне, осыларды өз жанымен қалай қабылдаса, алдымызға соны бар болмысымен жайып салып отырды. Артық сөз ақында жоқ деуге болады. Бәрі өз орнын тауып тұрған тіркестер, қиыннан қиысқан ойлы да ойнақы сөз болып келеді.

«Күміс қоңырау» жинағын қолға алғанымызда М. Горькийдің балалар әдебиеті туралы мына пікірлері ойға оралады. «Біздің кітаптарымыз жалаң дидактикалық, дерекі тенденциялы болмауы тиіс. Олар көркем образды сөзбен сөйлеуі шарт. Бізге балалардың юморлық сезімін дамытатын көңілді, ойнақы, ойлы кітаптар керек», - деген ойлары Қадыр поэзиясы туралы айтылғандай. Мәселен «Саққұлақ» атты өлеңге назар аударайық:

Үріп жүріп жөнімен,
Қызық оның қашқаны.

Қорқып жүріп сонымен

Қорқытады басқаны,-

деген шумақтардан балалар ұғымына керемет лайық жолдарды оқимыз.

Ақын өз дәуірінің жаңғырығы болды. Өмірді, онда болып жатқандарды ол өзгелерден бұрын көреді. Жақсыны да, жаманды да басқалардан бұрын танып, бұрын айыра біледі. Дегенмен, ол тасбауыр емес. Ақындар жамандыққа әсте де қуанбайды, ал жақсылыққа балаша шаттанады. Ет жүрегімен елжіреп, еріксіз арнасынан асады.

Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналған поэзиясын сөз ету үшін ең алдымен «Күміс қоңырау» кітабына үңілу керектігін, одан әрі философиялық, әрі педагогикалық мәні мен маңызы орасан мол туындыларды байыптап оқу қажеттігін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Әрине, жинақтағы балаларға арналған өлеңдер алуан түрлі, сан-салалы болып келеді. Сондықтан да талдауды жүйе-жүйе болғандай етіп, тақырыптық сәйкестігі бойынша жасаған тиімді. Себебі Қадыр өлеңдері жеке- жеке үзіп не ойын алып талдауға көне бермейді. Ой желісі бір өлеңнен екінші өлеңге үнемі ауысып, көшіп отырады, әрі бар өлеңнің кейіпкерлері - бір бала тәрізді, осы өлеңдерді жүйелеп, салалап талдағанда ғана тұтас, лирикалық кейіпкеріміз жасалады.

Халық «асыл анадан, ақыл данадан»- деп бекер айтпаған. Бала дүниеге келіп, іңгәлап көзін ашудан- ақ мейлі ол келешекте дана бола ма, әлде ісінің берекесі жоқ шала бола ма ананың бауырын көреді, ақ сүтінен нәр алады. Қандай шектен шыққан ақымақ болса да, әйтеуір анадан туылады, аспаннан аяғы салбырап түспейді. Оның үстіне, қаншалықты тасбауыр болса да, өз анасын талақ етіп, бетіне түкіре алмайды. Ана мен бала арасындағы нәзік те берік байлау осында болса керек. Асыл да, масыл да анадан туылады.

Қадыр Мырзалиев жасаған балалар обрызының галереясы сан алуан. Ішінде пысығы да, шолжаңы да, еркесі де, ақылды- ойлысы да, тап үлкеннен кішірейтіп қойғандай сұңғыласы да бар. Есейгенде адамдар мінезі мен қалыбының әр алуан болып қалыптасатыны белгілі. Осылардың бәрі де

Қадыр поэзиясының негізгі геройлары, балалардың сан түрлі мінез-машығын, сан алуан болмыс бітімін беруі - оның поэзиясының негізгі лейтмотиві десе болғандай. Ақын поэзиясындағы балалар бейнесін ұнамды, ұнамсыз деп шартты түрде екіге бөліп қарауға болады. Әрине, Ұнамды не ұнамсыз деп сортқа бөлу жарамайтын әдет, әсіресе, қазіргі әдебиетте бұлайша жіктеу тіпті орынсыз саналар еді

Қ. Мырзалиев геройлары - көп жағдайда ізденгіш, тынымсыз жандар. Балалар, әрине, тынымсыз жандар болмаса, айналаға кейбір ересектер тәрізді бейғам қараса, олардан келешекте жақсы адамдар шықпайтыны белгілі.

Біз дүниедегінің бәрі де жақсы болса екен деп армандаймыз. Себебі жамандық қайдан да болса табылады, ал жақсылық сирек, оны ақшаға сатып ала алмайсың, қарызға сұрап, несиеге алуға тағы мүмкін емес. Жақсылық әр кез көп қиындықпен келеді. Осыдан болса керек, Қадыр бүлдіршіндері адамдарға үнемі жақсылық тілей жүреді.

Сүйетіндей жер үсті,
Суретші болсам ғой.
Айтарлықтай келісті
Адам жасай алсам ғой!-

деп келеді де, оның қай жерін қандай түспен бояйтынын айта түсіп:

Күнге сүйген білекті,
Күреңменен бояр ем.
Ал жүректі, жүректі
Әппақ қылып қояр ем!-

деп аяқтайды, бір кішкене баланың жүрегінің соғысын аңғартады. Жас болса да оның жан дүниесі таза, адамдардың жүрегін тек әппақ қылып қойғысы келеді. Біз дүниеден осыны қалаймыз да. Бұл әрине, кішкене баланың ғана емес, ақынның да кредосы.

Енді ақынның «Ақыл» атты өлеңін алып қарайық:

Әкемдей,
Әдемі мұртым жоқ.

Әпкемдей,
Әп- әсем тұрқым жоқ.
Атамдай,
Шашымның ағы жоқ.
Апамдай,
Әжімім тағы жоқ.
Мейлі ғой!
Оған кім қарайды?
Ақылды болсам тек
Жарайды!

Адамгершілік жағынан бауыр екенін таниды.

Міне, біз Қадыр Мырзалиев өлеңдерінен де осыны аңғарамыз. Жоғарыдағы өлеңде мейлі онда әкесіндегідей мұрт, әпкесіндегідей келбет-кескін, атасындағыдай ақ шаш, апасындағыдай әжім болмай- ақ қойсын, олар әлі ақ жетіледі, бар қымбаты ақыл болса болды. Ақыл жасқа қарамайды, ол көк тасқа шыққан тау гүліндей. Қадыр кейіпкері ақылды бірінші орынға қоятыны да сондықтан. Біздің бүгінгі бүлдіршіндеріміз бақытты заманның балмұздағын бөле жеген, көңілді шақтың көңілді ұл қыздары. Қайда барса да қағажу көрмеген бақытты балдырғандар. Олардың жүздерінен үнемі жылылық қана байқалып тұратыны да осы бақыттылықтан, ешқандай уайым-қайғысыз, қорқынышсыз, ертеңіне деген үлкен сеніммен жасауынан деуге болады. Қанды кезең, кешегі алапат аштық, соғыс, небір апаттар кезінде жасаған ұландардың ойына бір тілім нан мен бір шыны айраннан басқа не түсіп еді?. Олар күлкіні күңіренуге, ойынды шойындай ауыр тауқыметке айырбастаған жоқ па еді?

Қадыр Мырзалиев өз кітабында ондай қаралы күндерге тоқталмайды, оларды балаларға айтып жатудың қажеті аз деп білсе керек. Ақын өлеңдерінің бәрі де бүгінгі күннің базары.

Мысалы: «Сағыныш» атты өлеңін алайық:

Алғаннан соң демалыс,

Алаңдамай өңгеге.
Қаладағы ең алыс,
Кеттім аға- жеңгеге
Бәрі қызық балаға,
Бар қызықты қармадым,
Парк, музей...
Қалада
Қай жерге тек бармадым.
...Бір айдан соң жүрдім шақ,
Қайтамын деп жалындым.
Атамды да,
Ұрыншақ,
Достарды да сағындым.

Бұл кішкене баланың туған ауылына деген сағынышы. Әңгімешіл атасына, ұрыншақ достарына деген сағынышы. Кезінде жазушы Тургенев «туған жердің түтіні де тәтті» деп бекер айтпаса керек.

Қадыр Мырзалиевтың лирикалық бала кейіпкерлері әр алуан мінездің адамдары. Бірі ақылды байыпты болса, енді бірі тентек, сотқар болып келеді. Балалардың бәрі бірдей болмақ емес. Тентек, сотқар деген балалардың өзінен келешекте жақсы адамдар шығуы мүмкін. «Есерсоқ болмай ер болмайды» деген халқымыз.

Әрине ұнамсыз бала деген ұғым жоқ, бұл тек жапсыра салған атау ғана. Бала қанша тәртіпсіз болса да, оның бірге ойнайтын тәп тәуір достары да бар. Ендеше ол қалай ұнамсыз бола алады. Бізге ұнамағанмен, оларға яғни ата ана, достарына ұнайды ғой. Сондықтан да ұнамсыз деген атауды тек қана шартты түрде аламыз. Оның үстіне Қ. Мырзалиев осынау жағымсыз әдетімен бізді қынжылтып отыратын балаларды әбден түйреп, олардан үміт үзіп кетпейді, кейде олардың бұл қылықтарына езу тартқызып, балалыққа лайық сотқарлық қой әншейін, ертең өзі- ақ қойып кетеді дегендей де ой аңғарын байқатып отырады. Мәселен:

Көтеріп кластың шаңдағын,
Тасыпты ласты маңдағы.
Кім кінәлі?-
Тінәлі!,
Су жаңа Картаны сызыпты,
Кескілеп партаны бұзыпты.
Кім кінәлі? –
Тінәлі!

Не болмаса «Мылжың» өлеңін алып көрейік:

Аяғыма ат тепкен,
Дәрі алмақ ем аптектен
Айтшы, балам, ол қайда-

деген қарттың сұрағына бала жауап бере алмайды, аптектің қайда екенін білмей тұрып қартты біраз іркіп, әр нәрсені айтады, ақырында «аптекті басқа жаққа алып кетті, жаңа қонысының қайда екенін білмеймін» дейді. Бұл баланың мылжыңдығына күлеміз де ренжиміз.

Қадыр жасаған образдар ішінде бізді режттетіндері де осындай өзі ештеңе білмейтін, бірақ білмейтінін мойындамайтын көк езу мылжындар екенін тағы бір мәрте көреміз.

Балам, көп сөз боп кетті,
Көрсетсеңші аптекті
Басқа жаққа ап кетті!
- Қайда жаңа қонысы?
- Біле алмадым онысын.

Әрине мұндай балалардың мінезін құптай да, мақұлдай да алмаймыз.

«Тінәліні» оқығанда есімізге М. Ильиннің «Партаның мұңы» деген өлеңі оралады. Ондағы Витя Тінәлімен қылық жағынан сәйкес те ұқсас. Ал екінші өлеңде С.Маршактың үлгісі байқалады. Бұл сөз жоқ, ақынның балалар поэзиясына жеңіл-желпі қарамайтынын, үнемі ізденіс, үйрену үстінде болғандығын танытса керек.

Салсаңдар ал маған
Айтар ем мынаны.
Түзете алмаған,
Достар да кінәлі.

Міне, көріп тұрғанымыздай ақын нағыз педагог емес пе?

«Жастарды тәрбиелеу өте-мөте қиын жұмыс. Сондықтан да осы жұмыста істейтіндер өте-мөте құтметті, сонымен қатар өте-мөте жауапты. Оған шын ниетімен беріле істегенде ғана табысқа жету қамтамасыз етіледі»

Ақын бұл өлеңдерінде балаларды сөге жамандамайды немесе сатира уытымен әшкере етуден де аулақ, тек ол әжуалай отырып, тезге салады. Балаға өз кемшілігін мойындату - үлкен педагогикалық шеберлік. Өз қатесін саналы түсіне білгенде ғана, ол бала осы қателіктерді екінші рет қайталамауға тырысады, ақылды болып өсуге ұмтылады. Міне, Қадыр да балдырған кейіпкерлерін осылайша тәрбиелеуге ұмтылып, осы тәрбие жолын өлеңдерінде дұрыс әрі дер кезінде пайдаланып отырады. Мысалы:

Бұл жолы кім қорғайды,
Бүгін тағы бүлдірдім.
Көздеп атып торғайды,
Терезені сындырдым.

Қандай шыншыл өлең! Жас баланың ағынан жарыла отырып, адалын айтуы емес пе? Өлеңді оқып отырып, жағымсыз сотанақтыққа еріксіз қабақ түйесіз, бір жағынан баланы аяйсыз, ашулана отырып еріксіз езу тартқызады. Себебі, кейіпкер терезені сындырып тентектік жасады, дегенмен, ет қызуымен байқамай істеп салды. Енді осыған өзі өкініп отыр.

Ақын «Ұсыныс» атты өлеңді бірінші жақтан шығарады. Мұнда класс оқушылары арасында класком сайлау болып жатқанда, өзінің атын ешкім атап ұсынбаған оқушы өзін-өзі класкомдыққа ұсынады. Бұнда тұрған пәлендей ештеңе жоқ, тек бала мінезі, өзін класкомға көрсетпегеніне намыстану сезімі бар. Өлең жеңіл, жылы юмормен жазылған.

Класкомға лайық,

Бір оқушы табайық.
Деп бәріміз жиналды,
Келісе алмай қиналды.
Күләш тұрып Ұмсынды
Бірінші боп ұсынды...
Бірі ұсынды Манапты.
Бірі ұсынды Данапты.
Едім мен де үмітті,
Бірақ мені ұмытты.
Бұған өзім төзбедім,
Сөз беріңдер, сөз дедім.
Бәрі маған қарады,
Көздер тесіп барады.
Алдым да бір жөтеліп,
Даусымды сәл көтеріп
Достар дедім осыған-
Мен өзімді ұсынам.

Кейіпкеріміз тек өзін өзі ұсынды, бөгде ешнәрсе де ойлаған жоқ. Бала класком болудан үміткер, әркім өзінше ұсынып жатыр, бірақ мұны ешкім елер емес. Ақыры төзбеді, сөз алды да өзін ұсынды.

Ақынның «Мазақтамалар» атты циклді өлеңдері бар. Мұнда балалардың Қожанасырлығына кейде күлесің, кейде тіпті ашуланып та қаласың, бірақ сол балаларларды жақсы көресің, өйткені сол мазақтамалардағы балалардың бойынан, іс-әрекетінен кешегі өзіңді көргендей, балалық шақпен кездескендей әсер аласың.

Мәселен:

- Тазалашы мұз болған,
Есік алды тайғанақ.
- Жата берсін біз оған
Теуіп жүрміз сырғанақ.

Шыға беріп Жалтақбай,

Ұсып түсті қалпақтай.

Ақын осыларды көріп те, көрсетіп те қоймайды, соған қайта жоламастай етуге тырысады, сол үшін мазақтайды.

Сарнап тұрып ертесін,

Сұрайтын қант, бөлкесін

Сен бір жаман еркесің,

Әкеңнің де желкесін

Жауыр қылған еркесің.

Немесе:

Әй, мақтаншақ, мақтаншақ,

Оянғаннан жатқанша,

Жатқаннан таң атқанша,

Мақтанасың мақтаншақ.

Қояр ма еді құлыптап,

Аузыңды бір жапқан- ақ.

Мазақтаудың бұл да бір түрі. Бұл жерде мақтаншақ пен еркеден бұрын оқушы баланың беті қызарып кетеді, әзілдей отырып зіл тастайды

Көкеңнің де желкесін,

Жауыр қылған еркесің!

Аузы бір тынбайтын мақтаншақты:

Қояр ма еді құлыптап,

Аузыңды бір жапқанша- ақ,-

деп масқаралайды.

Ақын тек мазақтап, масқаралап қоюмен ғана шектелмейді, енді оған үлгі, ақыл айта бастайды:

Түрі-түсі шаштың,

Көркі емес бастың.

Қылымсыған бұл басты,

Қылайын деп албасты.

Шаш түсті де бұйра бас,
Қасқа баспен алмасты.
Шаш түсті деп налып!
Бас қалды бір демалып.
Бастың көркі шаш емес,
Бастың көркі даналық.

Қандай бала болса да, байыптап қараса, осы өлеңдерден үлкен ғибрат алары сөзсіз. Сыншы Х. Әдібаев «Қадыр - сарғая ізденіп, сарыла іздейтін ақын. Асыл бұйым өмірге оңайлықпен келмейді ғой. Қадыр тапқыр ақын. Қадыр өрнегі дәл пышақ кескендей өткір, бедерлі, бейнелі», - дейді. Біз бұл тарауда «Күміс қоңыраудағы» балдырғандар бейнесі жайында өзімізше пікір білдірдік.

Бала бейнесі әрине, лирикалық өлеңдерде бір түрде, эпикалық шығармаларда екінші түрде жасалуы мүмкін. Қадыр Мырзалиевтың майда өлеңдерінде жас балдырғандардың алуан түрлі келбетін, іс-әрекеттері мен мінез-құлқын тағы басқа да қасиеттерін айқын кездестіреміз. Қадыр жасаған бейнелер бізге өте таныс, олар ересектердің балалары, жастардың іні-қарындастары, жалпы адам баласының кешегі өзінің бейнесі болып табылмақ.

Қадыр сомдаған балдырған кейіпкерлер образы өте нанымдылығымен де бізді бірден баурап алады. Бала осындай болар ма деген күмән қалдырмайды, олардың бәрі де шыншыл образдар санатына қосылады.

Сонымен, балдырғандар бейнесін бар танымы, тыныс-тіршілігімен, бар болмыс-бітімімен беруде, бейнелеуде Қадыр аса қабілетті ақын екендігін айқындады дей аламыз. Қадыр жасаған балалар образдары танымдық та, тәрбиелік те маңызы бар аса зор бейнелер, сан ұрпақтың тәрбиесіне сыбағалы үлес болып қосылатын жарқын бейнелер дей аламыз.

2. Ақын сабағы- дүниетаным құралы.

1964 жылы Қадыр Мырзалиевтың «Сабақ» деп аталатын өлеңдер жинағы жарияланып, қазақ балалар поэзиясының мерейін бір көтеріп тастаған болатын. Кезінде ақынның бұл жинағы туралы жылы лебіз білдіргендер ересектер арасында да, балалар арасында да көп болды. Алдымен «Сабақ» кітабы қазақ балалар әдебиетінде бұрын кездеспеген тақырыптарды біріктірді, жастарға, мектеп оқушыларына күнделікті сыныпта өтілетін сабақтың әдебиет яғни өлең арқылы оқытылатын, үйретілетін түріне айналды. Сабақ – қай пәннен болатын сабақ?! Бұл арасы бізге беймәлім, дей тұрсақ та оқушыларға бағдарламадан тыс айналасындағы әр алуан табиғат байлықтары, адамгершілік туралы, олардың өмірдегі мәні мен маңызы туралы өмірге аса қажет – Сабақ.

Қадырдың «Сабақ» жинағына енген өлеңдері кейін де толықтырылып, өңделіп әлденеше рет басылды, «Күміс қоңырау» таңдамалысына еніп отыр. «Сабақ» кітабы құрылысы жағынан бірнеше сабақтарға бөлінеді.

Бірінші сабақ – Табиғат деп аталады да, мұнда қар, боран, жаңбыр, орман, құм, түн тағы басқа табиғатты танытатын құбылыстар туралы айтылады. Әрине «Табиғаттану» атты пән мектептерде өтіледі, табиғат құбылыстары, байлықтары туралы жас балаларға алғашқы ғылыми түсініктер осы пәнді өту, үйрену арқылы беріледі. Ал Қадырдың «Табиғаты» табиғаттануға, әрқандай құбылыстарға өлеңдете отырып анықтама берілген, оқушылардың мектепте алған білімдерін кеңіте түсетін дәрежеде.

Әр сабақтың арасында болатын «үзілістер» де бар. Балалар оларда да қарап отырмайды, ойын үстінде болса да бір нәрсені білуге, үйренуге тырысады. Ақын міне, осыны да ескере білген. Мәселен әр сабақ арасындағы үзілістерге «Жұмбақтар», «Жаңылтпаштар», «Ертегі», «Диалогтар» деген аттарды тауып қойып, балалардың сабақта шаршаған миларын тазалауға, тынықтыруға қажет күлдіргі сипатты ауыз әдебиетіндік материалдарды енгізе білген. Бұл жерде ақын үлкен, тәжірибелі педагогтарша көрінеді.

Екінші сабақ – «Хайуанаттар» делінген. Әрине, хайуанаттардың түрі де, саны да көп, ақын олардың ішінен оқушыларға оншалықты таныс еместерін, бұрын көп естіп, көп көрмегендерін алып, түсінік береді, өлеңге яғни поэзияға айналған сабақтар оқушыларға түсінікті, ұғымына жеңіл әрі қарапайым болып келіп отырады. Бұл сабақта хайуанаттардан жапалақ, аю, борсық, тоты, түйеқұс, зебра тағы басқалар әңгіме болады.

Үшінші сабақ- тіл туралы. Бұл сабаққа арнайы тоқталатын болғандықтан, ол жайында азғана мәлімет бере кетейік. Сабақта ақын тіл сабағының сипатын, мәнін түсіндіруді мақсат етеді, оқушыларды ана тілінің қадыр-қасиетін түсінуге, сүйеге баулиды. Сабақта әріптер, тыныс белгілері, септеулер туралы жақсы да жағымды өлеңдер бар.

Төртінші сабақ- еңбек сабағы. Ол да мектепте оқытылатын еңбек сабағының мәні мен маңызын түсіндіруге арналған, еңбек жайындағы өлеңдер циклінен тұрады.

Бұдан соң жинақта «қосымша сабақ» берілген. Бұл – « Гибрат» деп аталады. Ол негізінен адамгершілік, кісілік, кіші- пейілділік сабағы, яғни мектеп тілімен айтсақ «класс сағаты» дейтін болар едік. Мұнда әр түрлі жан-жануарлар мінезінен гибрат болардай, балаларды ойландыратындықтай гибраттар, ақыл, өнеге боларлықтай өлең жолдары бар.

Сабақтан қайтарда балалардың бірін-бірі әзілдеп мазақтайтыны, ойнайтыны болады. Ақын бұларды да назарынан тыс қалдырмайды. Бұл жайында «Сабақтан қайтарда» деген бөлім берілген.

Енді сабақ бөліміндегі өлеңдерге, олардың балаларға сабақ боларлықтай жағына келейік. Мәселен « Табиғат» сабағында тап сол пәнді оқып отырғандай әсерде боласың. Кітаптың өн бойында әр пән бітуіне байланысты үзілістер бар екенін жоғарыда көрсеттік. Тек соңынан қоңырау соғылғанша шыдасаң, көп нәрсені, керемет қызықтарды көресің де естисің. Үзілістен соң екіншісін, жаңасын бастайсың, үзілісте болса сірә да қарап қалмайсың, жұмбақтар айтасың. Оқып бітсең, үйге қайтасың. Жолда жалқау мақтаншақ, маубастарды өлтіріп- ақ мазақтайсың.

Енді алғашқы пән аты- «Табиғат» саған келейік:

Нағыз табиғат лирикасы бізде ұлы Абайдың сап алтындай өлеңдері арқылы бекіді. Содан бері жырланып келе жатқан табиғат жана жырға арқау болып, әр алуан көркемдікпен, әдіс- тәсілдермен жырлануда. Сол игі дәстүрді жақсы жалғастырушы да ақын Қадыр Мырзалиев деуге толық негіз бар. Қадыр жансыз табиғатты жалаңаш түрде суреттемей, жап-жасыл, жайнаған қалпында суреттейді. Оны ойға сыйымсыз етіп, күрделендіріп жібермейді. Өзіміздің баяғы балалық қалпымызға, жасымызға қарай жинақтай түседі. Көз алдымызда жанды пейзаж қалады. Оның өлеңдерін оқи отырып, есімізге ұлы сыншы Белинскийдің «Ақын табиғатқа табынбайды, қайта онымен жарысқа түседі» деген данышпандық сөзі оралады.

Ақынның бұл сабағында он бестей өлең бар, бірақ бірін- бірі қайталамайды, бәрі де өз тұрғысымен, өзіндік бояу нақышымен жырланады. Мысалы, жыл маусымдары туралы өлеңдерін алып қарайық:

« Көктем» өлеңінде:

Көктем келді, құс келді,
Күн ұзын, түн қысқа енді.
Көктем келді: су ақты,
Күннің көзі шуақты

десе, « Қыс» туралы:

Қыс келді, қыс шықтап,
Қалды аюлар ұйықтап,-

деген жолдар арқылы оқушыларға табиғат маусымдарының сырын танытады, яғни көктемде күн ұзарып, түн қысқаруын, қыста аюлардың үнгірлерінде ұзақ ұйқыға кететінін қысқа да нұсқа жолдар арқылы танытуы балалар үшін өте жеңіл де түсінікті, жаттап алуға да қолайлы болып келеді.

Қадыр балаларға арналған бұл өлеңінде образды сөйлеуді мақсат етеді, оның балалар үшін маңызы өте зор екеніне ақын үнемі ден қойып отырады. Образды етіп берілсе де, балалардың түсінігіне өте жеңіл. Мәселен:

Көз байланды, түсті іңір,

Жүргізді аяз қожалық.

Шиқылдайды қыстың бір

Дөңгелегі қажалып.

«Құйын» атты лирикалық өлеңді оқығанда, еріксіз көз алдына құйын ұшырып, шашылғанды жинап, жинағанды шашып, мұраты бүлік болып, қара жерді бұрғылып келе жатқан табиғаттың дүлей күшінің картинасы көрінеді. Ол келе жатқанда:

Дір дір қағып жапырақ,

Қалтырайды сасқанда.

Бұрғы ізінен топырақ,

Бұрқырайды аспанға.

Табиғат сабағындағы ең бір мейірлі өлең «Алма ағашын» суреттейтін шағын лирика. Мұнда автор:

Ағаш емес біліндер,

Асыл ана бұл тұрған

Толған сайын түйіндер,

Алма ағашы құлпырған.

Әр түйіні, қарашы,

Оған перзент баладай.

Онсыз алма ағашы,

Жалғыз басты анадай.

Өлең тек балаларға ғана емес, үлкен адамдарға да қатты әсер етеді. Тіпті қазіргі кезеңде ана болудан қашып, табиғаттың сыйынан бас тартатын кейбір әйелдер өлеңді оқығанда ойыңа түседі де, дүниедегі бақыт тек қана ағаштың мәуелеуі мен ананың балалы болуында дейсің. Әрине, табиғат тек байлық кені, адам баласының ризығының сарқылмас қазынасы ғана емес, көркемдік сұлулықтың да әлемі. Автор өз өлеңдерінде балаларды табиғатты аялауға, оны сүюге де үндеп отырады. Бұл тақырыптарға ақын кейінірек «Шымыр жаңғақ» деп аталатын кітабында арнайы соғады.

Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналған творчествосының аясы өте кең. Солардың бірі- «Хайуанаттар» туралы сабақ. Біз ақынның сабағына, яғни «Хайуанаттарға» кіргенде, тұтас бір зоопаркке кіргендей, соны аралап шыққандай әсерде боламыз. Мұны тек әншейін қызығып қана араламаймыз, оның тұрған үйшігінің қабырғасына хайуанның мінез-құлқы, оның ерекшелік қасиеттері жайында жазылған мінездеме жарнамасын оқып шыққандай әсерде қаламыз. Бұларды оқып отырғанда, езуіңе күлкі үйіріледі, танымың да, білімің де арта түсері сөзсіз. Таңдап жатпай-ақ кез келген өлеңді екінші сабақтан алайық та талдап көрейік:

«Жапалақ» өлеңі:

Бір- біріне жапалақ

Қараңғыда үш дейді.

Қою түнде паналап,

Қарақшылық істейді.

Түнде олар істейтін,

Қиянаттың шегі жоқ.

Күндіз елдің көзіне

Көрінуге беті жоқ.

Өлеңді оқып шыққанда, балалар жапалақ туралы мағлұмат алып қоймайды, оған деген көзқарасы да қалыптасады.

«Кенгуру» атты өлеңде автор кенгуру туралы өте ықшам да әсерлі сурет жасайды. Оқушы өлеңнен тың мәліметпен бірге нағыз поэзиялық ләззат та алады. Балдырғандар үшін құрғақ мәліметке қарағанда, образды өлеңмен берілген білім әсерлі де тиімді боларына өлеңді оқи отырып көз жеткіземіз:

Қашан да оның баласы,

Бауырынан табылар

Қарынында қалтасы,

Қалта емес- ау,

Қабы бар.

Соны көрген кезімде,
Келеді бір ой қызық:
Қояр ма еді өзіне
Деймін мақта тергізіп.

Кенгуруді ақын бала сезімі арқылы қабылдап, тіпті оған мақта да тергізбекші. Өлең жолдары ықшам да ойнақы, баланың ойында ұзақ сақталатын қасиеті де осында.

Орыс әдебиетінің ұлы сыншыларының бірі Н. А. Добролюбов:

«Балалар кітаптарының беттері енді дерексіз моральдық өсиеттер, қиялдан шыққан сандырақтар арқылы толтырылмауы тиіс. Оларға дүние мен адам туралы дұрыс мәліметтер беріліп, шындық өмірдің әңгімелері айтылуға тиіс. Қазір қоғамды толықтырып отырған және бүгінгі балалардың әр қадамында кездесетін мәселелер хақында түсіндірілуі тиіс», - деп айтқан.

Бүгінгі балаларды кешегі «ақсүйек», «асық» ойындары туралы әңгіме оншалықты қызықтырмас та. Себебі дүниедегі ғажайыптарды балалар көбірек қызықтайды. Сондықтан да автор көбінесе, осы ғажайыптар, жаңалықтар туралы айтады, жазады. Әдетте, құмырсқаның еңбеккер екенін білеміз де, оның сол еңбеккерлігі қалайша көрінетініне онша көңіл бөле бермейміз. Ақын құмырсқа туралы өлеңінде балаларға құмырсқаның ерекшелігін көрсету арқылы балаларды да достыққа, бірлікке, еңбектенуге баулитын тәрізді.

Қаламайды құмырсқа,
Қаңғыруды, билеуді
Тыным алмай, ырысқа
Толтырады илеуді.
Тапқан заты ауыр боп,
Түссе бірі әлекке.
Қауымдасқан бауыр боп,
Келеді тез көмекке

Ауырпалық көрмедім,
Олар алып жықпайтын.
Қиындық жоқ дер едім,
Түбі жеңіп шықпайтын.

Неге?

Айтсақ дұрысын,
Демей ұсақ- ірісін.
Бірі істейді бәрі үшін
Бәрі істейді бірі үшін.

Өлең оқушыларды бірлік, ынтымаққа баулиды. Сондай- ақ «Шаянды» оқу арқылы балалар шаян сияқтылардан безеді, оларды өте жек көреді. Себебі шаян тәріділер балалар ортасынан да табылып қалуы әбден мүмкін. Олар:

Өзгеше өмір сүргенге,
Қарайды көз алартып.

Әйтпесе:

Шаян құсап жүргеннен,
Жүрмей қойған көп артық.

Өлеңдердегі аңдардың психологиялық ерекшеліктері оқушы балаларды әбден тәнті қылады, аңдар туралы үлкен де бағалы мәлімет, терең білім береді. Бұл ретте «Аю» атты өлеңді мысалға алып қарайық. Мұнда аю туралы білетіндеріңді жинақтап, жеке-дара қасиеттерін есіңе түсірерсің. Ол туралы өзің білмейтін ерекшелік белгілерді де өлеңнен айқын көруіңе болады:

Сенген қайрат күшіне,
Қоңыр аю қорбаңбай.
Жасыл тоғай ішінде,
Жүреді еркін қорғанбай.
Бал араның қалайда,
Барлық балын өзі алып,

Жиделі мол тоғайда,

Жүргізеді қожалық.

Бұл, әрине, аюдың балалар білетін белгісі: оның зорлығы, икемсіздігі, бірақ аю өзімен өзі болып, өз қорбаңымен жүре бермейді. Кейде оның әлсізді аямай, әлділерге жоламайтыны бар:

Қыс ұйықтайды оянбай,

Қарды ініне қақпа қып.

Басқаша айтсақ

Пәлен- ай,

Істемейді ақымақтық.

Бұл шумақтардан балалар аю туралы негізгі мәліметке ие болады. Бөлімше «Сабақ» делінуі, оның ішінде «Хайуанаттар» деп аталуы дәл қойылған деуге болады.

«Сабақ» циклді өлеңдердегі тағы бір тақырып - Еңбек. «Адамды адам еткен - еңбек» демекші автор еңбекті жас балаларға түсіндіруге, оны сүйеге баулитын жырларын жазуға әсте де жалықпайды. Әрине, еңбек тақырыбы - әдебиеттің қай кезеңінде болса да жырланған, әрі көп айтылған тақырып. Адамзат жақсылыққа, бақытты өмірге еңбек арқылы жетеді және жас ұрпақты тәрбиелеуде еңбектің ролі зор.

Автор еңбек сабағында еңбекші адамдар бейнесін жасайды, оқушыларды оларға сүйсіндіреді, жастарға еңбек адамының қадыр- қасиетін поэзиялық қатарлар арқылы түсіндіре кетеді. Бұл еңбек адамдары ішінде малшы тракторист те, хат тасушы да бар. Сөзіміз дәлелді болуы үшін қайрақшыны алып қарайық:

Айбалтанды ептеп сен,

Ақ қайыңға салып көр.

Алмас құсап өтпесе,

Мына бізге алып кел.

Қайрақшыға келген пышақ па, шалғы ма, балта ма, ара ма - бәрі де өткірленіп кетеді.

Ақын өлеңдегі идеяны былайша оймен түйіндесейді:

Біраз жерге кісіні,
Апаратын қайрақ қой.
Өнсін десең ісіңді,
Өзіңді өзің қайрап қой.

Ал «Қалаушылар» атты өлеңде автор үй салушыларды жырға қосады:

Қалаушыны байқасам
Тым биікте тұғыры.
Соған түсер әрқашан
Ең алдымен күн нұры
Өзгелердің бас қамын,
Өз қамына балайды ол.
Үймен бірге басқаның,
Қуанышын қалайды ол.

Құрылысшылар үшін, шынында да, үй құрылысы өте жауапты жұмыс. Бұл - бас сауғалайтын іс емес, әрі сапа, әрі төзім, әрі қайрат бәрін де керек етеді. Балалар өлеңді оқи отырып ертең құрылысшы болам деп армандауы, осы кәсіпті бала жастан жақсы көруі мүмкін.

Адам жанының бағбаны болған мұғалимаға арналған мына бір өлеңде:

Мынау менің сезгенім,
Ол - кластың анасы.
Өзінің де,
Өзгенің
Баласы- оның баласы,-

деп ұстазға шыншыл да әділ баға береді. Себебі ренжісе, ұстазы қоса ренжиді, балалар жадыраса, ұстаз жаны да жадырап, жай табады, көңілі көтеріледі:

Ыстық сөзі
Лайым!
Суық сөзі болмасын!

Тасуға ол дайын

Шаттықтың тоннасын.

Бұл хат тасушыға арналған өлең. Ол ешқашан да жаманат хабар тасуға құмар емес, тонналап болса да шаттық, жақсылық тасуға бейіл. Қарапайым еңбек адамының қадір- қасиетін ақын осындай жылы шумақтар арқылы білдіріп отырған.

Ақын сабақтан өзге тақырыптарда да еңбекті жүйелі түрде жырлап келеді. Олардан «Шофер», «Етікші» өлеңдерін талдап көрейік. Мәселен:

Шофер ағам Ғаниды,

Барлық бала таниды.

Сол көшіріп әкелген,

Колхоздағы әр үйді,-

деп, Ғани ағасының ерен еңбегін бала жаны үлгі етіп мақтанышқа айналдырса, енді бірде:

Көрдің бе, әлде, көрмедің,

Етікші атам бар менің.

Қартпын деп ол айтпайды

Қол қусырып жатпайды.

Тук, тук, тук- тук,

Қол қусырып жатпайды, -

деп көзге онша көрініп, елене бермейтін етікші атасының беймаза ісін де айта береді.

Жерден күш алатын Антейдей ақын да айналасынан көрген, білгенінен ой түйеді ғой. Әрине, сырттай бақылап, ол туралы дұрыс жыр жазуға болмайды. Ол реализмге қайшы келеді. «Қолмен ұстап, көзбен көріп» дегендей етене бірге болып, бейнетін де, зейнетін де көру арқылы қорытындыға келген дұрыс. Қадыр міне, осылай етеді. Ол балалар туралы әсем жыр жазғанда, олардың ойнағанын, істеген істерін, адал еңбегін көріп тұрып, содан соң барып қағазға түсіреді. Өзі сол балалармен істес болып,

алуан қиындықтарды бастан кешіріп, сол қауыммен бірге отырып өлең жазады. Істеген істері туралы ақпарат береді:

Өңшең бала өрімдей,
Отряд болып шап-шағын.
Отап шықтық ерінбей,
Арам шөбін бақшаның.

Міне, мұнда ақын өзін балалармен бірге жұмыс істеп жүргендей сезінеді

Енді ол өз жұмыстарын:

Болды өзі бір арба,
Иланбасаң көр өлшеп.
Арамдықтан болды ма,
Көп шығыпты арам шөп,-

деп үлкен адамның парасатымен ой түйеді. Қадыр қай өлеңінде болмасын өлең соңын ақындық ой түйюмен аяқтап отырады.

Ақынның еңбек тақырыбына жазылған өлеңдерінің ішіндегі елеулісі «Мешін мен адам» атты шығармасы. Шығарма шағын,көркем тілмен жазылған. Ауру мешін өлерінің алдында балаларына өсиет етіп «босқа уақыт өткізіп, әркімге көз сатпай, өздеріңнің туған жерлеріңнің төсінен баспана салып, осындай жаздың жайма шуақ кезінде жан қинап, қыстың қамын жеп, азық-түлік жинап алғандарың абзал» дегендей ақыл айтады. Мұны қарияның үлкені емес, кішісі тыңдап, төмендегідей істерге қолы жетеді:

Қадыр тұтқан еңбекті,
Қара бастан аяп па?
Әсте тыным бермепті,
Алдыңғы екі аяққа.
Жақын тұтып жұмысты,
Жалқаулықтан жеріпті.
Миуалы, жемісті,
Бақ өсіріп көріпті.

Күнге қақтап балықты,
Бос уақытта құс аулап.
Қолға үйретіп алыпты,
Кейбір аңды тұсаулап.
Жұлқыссам деп кезінде,
Жауларымен қауіпті.
Шоқпар атты өзіне,
Қару да ойлап тауыпты.
Болсын деп бір қуысым,
Баспанасын тұрғызып.
Түгел жинап туысын,
Той жасапты бір қызық.

Осындай игі істерінен танбаған бала Мешін табиғатпен таласа жүріп, талай мезгіл өткесін адам болып кетіпті. Ал жалқау ағасы болса бәз-баяғы мешін күйінде қала беріпті. Мұнан шығатын қорытынды - қандай бақытқа, даңққа болмасын тек еңбек арқылы ғана жетуге болады. Ақын ертегілік сюжетті өте тиімді таңдап, дұрыс пайдалана білген.

Өрімдей бүлдіршіндерге «сен олай істеме, солай істе» , деген даурықпа сөзден гөрі бұл мысал-ертегілер әлдеқайда жеңіл, әлдеқайда тиімді деуге болар еді. Ақын да соны ескеріп, поэзияның нәзік сазды жолдары арқылы оқушысын еңбекке тартады. Бұл нағыз шеберлік деуге болады.

«Сабақ» атты кітап- ақынның балаларға дүние танытуда, олардың айналасындағы әр алуан өмір құбылыстары мен табиғаттағы жан-жануарлар туралы түсініктерін өсіруде, кеңейтуде үлкен өмір оқулығы болады дей аламыз. Қадыр Мырзалиев оқушылардың ой- өрісін жалаң дидактикалық шығармалармен емес, нағыз поэзиялық, өмірден алынған туындылармен кеңейткен ақын ретінде белгілі болды. Мұны біз осы тарауда бірқатар өлеңдеріне талдау жасау арқылы дәлелдеп бере алдық деп ойлаймыз.

3. Ақын ана тілі туралы, балаларға арналған өлеңдердің тілі, көркемдігі

Қадыр Мырзалиев ана тілінің қадыр-қасиеті, оның мәні мен құдіреті, келешегі, тазалығы туралы үлкен жаңашырлықпен айтып та, жазып та жүрген ақын еді. «Күміс қоңырау» кітабында «Тіл» деген бөлім бар. Енді бірер сөз осы тіл цикліді өлеңдер туралы болмақ. Қадыр Мырзалиев қазақ балалар әдебиетінде балаларға тілдің барлық қыр- сырын ұқтыруда, мәнін түсіндіруде жанкүйерлік жасап жүрген ақын екені белгілі. «Тіл» туралы өлеңдер кездейсоқ, ұйқас үшін әншейін туа салған туындылар емес. Бұл ақынның бірнеше жыл балдырғандар үшін тер төгіуінің жемісі деп тану қажет. Туған ана тілінің салмағын тани білген талантты ақынның табиғаттағы барша жандарға сөз бағасын таныта білгізу үшін жүргізген келелі ісі, беделді дүниесі. Сөз қадырын білетін ақынның өлең жолдарының ешбіреуі ақсап көрген де емес. Белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаров: «Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі. Ал ана тілімізді білу, оның қасиетін түсіну парызымыз», - дейді.

Қадыр да ана тілі туралы жеңіл-желпі түсінбейді. Болмысымен қабылдап, жаратылысымен жауап береді. Мұны ақынның «Ана тілі» атты өлеңінен көруге болады.

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың елдігің.
Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Жаны жарқын жас балдырғандарды ізгілікке, жақсылыққа тәрбиелей отырып, оның ата-бабасы аунап өскен топырағын, сәулетті елін сүюге үйрете, тәрбиелей отыра ақын туған тілін де арындай сақтай білуге үндейді.

Тіл сөзбен бағаланады. Оны Қадыр басқалардан кем түсінбеді.

Сөзді:

Мұны жақсы ұғынад,
Ақыл-ойы ояулар.
Сөйлегенде құбылар,
Әр сөзде мың бояу бар,-

деп тура қалпында бағалайды. Міне, осылай деп жеткізе білу де асқан шеберлік.

Ақын «Септеу» атты өлеңде оқушыларға жеті септікті, олардың көрсеткіштерін өлеңмен баяндайды. Мұның оқушыны тіл біліміне, тіл сабағына қызықтыруда алатын орны өте үлкен деп есептеуге болады.

Мәселен:

Атау:

Барлығыңа үлгі болар қарақтар,
Байсалды да ақылды да Марат бар

Ілік:

Жеке басым ең алдымен Мараттың,
Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.

Барыс:

Сенбейсің бе, күнделікті парақта,

Талай бестік қойылыпты Маратқа,-

деп жеті септік тұтастай алынып түсіндіріледі. Немесе «Нүкте» атты өлеңге назар аударайық:

Нүкте деген пайымды,
Батыл тыныс белгісі.
Аяқтамай ойыңды,
Келмейді оның көңісі ...

Ол сөйлемнің соңында,
Тұрмайды құр сәндікке,
Әрбір істің соңында
Болу керек бір нүкте.

Өлеңде тек қана нүктенің грамматикалық белгі ретінде сөйлемнің соңында келетіні көрсетіліп тұр десек қателесеміз.

Әр қандай аяқталған ойдың соңында нүкте келетін болса, әрбір істің соңына да нүкте қойылатындай етіп тындыру, нәтижелі аяқтау қажет деген ұғымды білдірсе керек.

Әрине, тіл жайында тек Қадыр емес, өзге қазақ ақындары да талай өлеңдерін арнаған. Бірақ Қадыр орны өзгеше. «Тіл» бөлімінде ақын, әсіресе, жас балдырғандардың сөйлеу тілін дамытуға септігін тигізерліктей бірнеше өлеңдер берген. Мәселен « Ұйқасын тап» деген өлеңді қарайық. Бұл өлеңді «грамматикалық ойын» деуге де болар еді.

Мына тұрған арғымақ,
Мінем оған қарғып- ақ.
Тістемейді, теппейді,
Бос қойсам да...
Мына тұрған тайлағым,
Келмейді оны...
Сирақ, мойын көрік деп,
Жүр жирафқа....

Көп нүктенің орнын өлеңнің алдыңғы жолындағы сөзге қарап, балдырғандардың өзі тауып ұйқастырады. Мұның өзі ақынның балалардың ана тілінен нәр алып, сусындауы үшін барлық талантын арнап келе жатқанын білдіреді.

Орыс халқының жазушысы М. Горький өзінің әдебиет туралы ойларында: «Сөз әдебиеттің негізгі материалы болып табылады. Біздің барлық әсерімізді, сезімімізді, ойымызды көркем тілге келтіретін сол. Әдебиет - сөз арқылы сұлу суреттелетін искусство. Классиктердің

ескертуінше сөздің мағынасы бейнелі, әсерлі неғұрлым айқын, анық болған сайын табиғат көрінісін, оның адамға ықпалын, адам мінез-құлқын және оның адамдарға қарым-қатынасын суреттеуге соғұрлым күшті, дәлме-дәл болмақ»,- деп көрсеткен болатын.

Сөз қадірін жақсы білетін Қадырдың өлеңдерінің бір ерекшелігі нақыл іспеттес болып келуінде:

Ғұмырында еш уақта,
Түк істемес құмартып.
Жалқауларға құлақ та,
Көз де,
Қол да,
Бәрі артық.

Көп өлеңдер балалардың тілін жетілдіруге, сөздік қорын кеңейтуге арналады. Олардың ішіндегі жеке-дара жолдар бүгінгі кезеңде сирек кездессе де, үлкен мәні бары айдан анық екені даусыз.

Балалық тез өтсе екен,
Шығар едім ұшпаққа
не болмаса;

Жоғалды бұлт жабыстырып үстіне,
Шөпшілердің күнсіп кеткен жейдесін
Даусы да ілеспес,
Өзі ұшқан қарқынға.
Созған шүйке іспеттес,
Сол қалады артында.

Осы үзінділерге ұшпақ, күнсіп, шүйке сияқты сөздер - бұл күнделікті жиі естіле бермейтін сөздер. Ұмытылып бара жатқан сөздердің өмірге қайта оралуына Қадыр себепші болып отыр.

Қыр жаққа көз салдың ба,
Қар боп аққан ағыс бар.
Қаһарлы жел алдында,

Зар қағады қамыстар...
Қарашы, жел қамшылап,
Қырдың өңі қашуын.
Боран қатты қалшылдап,
Баса алмай тұр ашуын.

Өлең өте образды.

Ақын өлеңдерінің тілін, көркемдігін сөз еткенде, оның халық ауыз әдебиетінен алған үлгісі бірден көзге түседі.

Мәселен:

Ардагерді жауда көр,-
Саудагерді дауда көр,-

деген жолдар ауыз әдебиетіндегі:

Жауға барсаң кесерді ал,
Дауға барсаң шешенді ал,-

дегенмен сәйкес келіп отырады.

Қадыр Мырзалиев өлеңдерінде синонимдік қатарлар да кездеседі. Бұл ақынның сөздік қорының молдығын танытса керек. Бірінші «Үлкен» өлеңін алайық:

Тұқырып ап нән басты,
Тауды қозғар сырғытып.
Мен шоң ба сонда, сен шоң ба?
Кім кіші, шоңы кім сонда
Аң біткеннің алыбы,
Аң біткеннің мәлімі...

Не болмаса тәттіні алып көрейік:

Ұртыңдағы томпиған
Кәмпітіңнен бер дейді.
Шекер дәмді, бал дәмді,
Әкелші бір алмаңды.
Сарнап тұрып ертесін,

Сұрайтын қант бөлкесін,

Сен бір жаман еркесің.

Сондай- ақ «Күміс қоңырау» жинағында метафора, метонимия, теңеулердің де неше алуандары бар.

Теңіздей түбі- терең,

Сүнгіген жетер әрең.

Еріні кезерген,

Ысқырығын қыстырып.

Бас төреші жел деген,

Тұр төбеде ысқырып.

Қадыр өзінің поэзиясымен қазақтың көркем әдебиетін көркейтуге зор еңбек сіңіріп келе жатқан талантты ақындардың бірі де бірегейі болып өтті. Сонымен бірге ол әдеби тіліміздің тазалығы үшін халқымыздың ғасырлар бойы жасап келе жатқан бай мұраларын шашыратпай қаз қалпында оқушыларға жалықпастан жеткізіп берді. Қадыр өлеңдері таза халық тілінде жазылған. Ол балаларға арналған өлеңдерінде де образдарды, сөздерді түгелдей халық тілінен алып отырады.

Мәселен, ақынның «Мен қалай Судырахмет атандым» атты сюжетті, ұзақ өлеңінде жаңаша леп, сөз қолданысы да қазіргі балалар ұғымына сәйкес беріліп отыр. Өлең халықтың ауыз әдебиетіндегі «Қырық өтірік» шығармасының үлгісімен жазылса да, оның тілінде қазіргі техникалық дәуірдің лексикасы өнімді де тиімді қолданылған.

Өлеңнен үзінді келтірейік:

Тасбақаға отырып,

Басып оздым таксиды.

Арыстанды өлтіріп,

Қоян тісі ақсиды.

Жайық пенен Неваны,

Жұмырыма жасырдым.

Лақтырғанда минаны,

Миноменттен асырдым.
Дұшпандарым оңбады,
Мен бе жаудан жасқанған.
Тұтып алдым бомбаны,
Мұның бәрін ел көріп,
Ерлігіме қанықты.
Кете бердім төңкеріп,
Найзаменен танкті.

Бұл тазша баланың емес, қазіргі заман баласының өтірігі.
Дәуірге байланысты сөздер мен ұғымдарды ақын өте шеберлікпен пайдаланған.

Өлең тілінің жеңіл, балаларға түсінікті, жинақы, көркем, артық- кемі жоқ жұмыр, әр сөзі белгілі бір мағынаның қазығы болып келетін қағиданы Қадыр мүлтіксіз орындап отырады. Оның өлеңдері тек балалар ғана емес, өзінің көркем кестесі мен ойлылығы жағынан ересектерді де бейғам қалдырмайды. Әрине, Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналған жырларының бәрі біркелкі емес. Оларда жадағай айтыла салатын ойлар да, кейде тіпті мағынасы аз сөзуарлық та ұшырайды. Ақын кейде тапқыр болам деп, оны-мұны ретсіз тықпалап, мағынасыздыққа ұрынады. Мысалы «Аспанда» деген өлеңінде ол былай дейді:

Аспан бұлтқа толып кетті,
Бұлттар түлкі болып кетті.
Бір бұлт шықты ешкі болып,
Бір бұлт шықты мөшкі болып.
Бір бұлт шықты бие болып,
Бір бұлт шықты түйе болып.
Бір бұлт шықты шошқа болып,
Бір бұлт шықты қошқар болып.
Күннің өзі малшы болып,
Найзағайы қамшы болып.

«Шартылдады- күркіреді» әншейін алына салынған тіркес болып тұр. Дұрысы шортанды судан ұстау, аулауға болады, оны суырдық деп айту әбестеу естіледі.

Бес түлік мал дүркіреді.

Нөсер көкті жуып өтті,

Түк қалдырмай қуып өтті.

Осы өлеңде бұлттар сейіліп, жаңбырдан кейін кемпіркосақ қалатынынан басқа шындықты елестетер мағыналы ештеңе байқалмайды. Бұлттарды бес түлік, найзағайды қамшы етіп дүркіретуі онша тапқырлыққа жатпайды, мағынасыздыққа ұрындырып тұр.

Кейде ақын өлеңді ойнақы юморға құрамын деп, байырғы тіркестердің мағынасын бұзып алатын да кезі бар. Мысалы:

Болды біздің жолымыз,

Судан шортан суырдық.

Содан кейін біз оны

Сары майға қуырдық.

Осындағы судан шортан суыру деген тіркес мағынасы түсініксіз, ұйқас үшін алына салынған тіркес болып тұр. Дұрысы, шортанды судан ұстау, аулау, оны суырдық деп айту келіспейді.

Әрине, мұндай бірен-сарандаған олқылықтар Қадырдың балаларға арналған поэзиясының құнын төмендете алмақ емес. Ақын шын мәнінде қазақ балалар әдебиетіне көркемдік ізденістері арқылы елеулі үлес қосып, оның аса үлгілі өкіліне айналғаны ешқандай талас туғызбаса керек.

Қорыта айтқанда Қадыр Мырзалиев ана тілінің байлығын, бар қасиетін жас ұрпаққа өзінің өткір де өнегелі өлеңдері арқылы жеткізіп келе жатқан танымды қаламгерлер қатарынан орын алды.

Ақын соғыстан кейінгі бірер жылда жаңа ғана ес жия бастаған ұрпақтың өмір жолы жеңіл болған жоқ. Балалық шағында майдан ауыртпашылығын қатты сезінген бұлар қашан есейіп, ер жеткенше тапшылықты да, жоқшылықты да аз көрмеген. Ақын бір өлеңінде:

Бармақтай боп сол күнде,
Жатпаушы едік демалып.
Әр маяның түбінде
Қалды біздің балалық.

Бақыт еді ол күнде,
Шығу деген нан алып
Сол дүкеннің түбінде
Қалды біздің балалық,-
дейді.

Осы өлеңнің тамыры, мысалы, тереңде, бір дәуірдің болмысында жатыр. «Соғыс кезі еді,-дейді ақын,-дүкен жанында түнімен кезекте тұрып, таң ертең бір бөлке нанға әрең-әрең қолым жеткені әлі есімде. Бір кезде теледидар сөнгендей көзімнің алды қарауытып кетті де, тарыдай ақ нүкте ғана сәл түйіліп тұрып қалды. Ақыры ол өшіп, жоғалып кетті. Әйтеуір бір заматта көзімді ашсам, борпылдақ жол үстінде шақ қауып жатыр екем, нанды мықтап бауырыма қысып алыппын».

Адам- заманмен адам. Қадырлар ұрпағы қан майданнан кейінгі дәуірде Отанымыз басынан кешкен азап пенен ғажапты көріп өсті, уақытпен бірге есейді. Мен Қадыр жырынан осынау заман мұнарасын айқын көргендей боламын.

Иә, Қадыр поэзиясы шыншыл, шыншылдығымен сыршыл. Сан сала тіршіліктің талай-талай тайға-науын жырымен аралаған ата мекенді қия қалтарысымен, шұғыла-нұрымен, қоңыржай-көлеңкесімен ашық, шымқай суреттейді. Халық көңілінде алаулаған қилы құбылыс адал көкіректеорын алған; бірақ сол сезімді-мейлі ащы, мейлі тәтті болсын- шынды жырлау, дабыл қағу, керек болса, отқа түсу мыңда бірдің, тіпті бірегейдің ғана ұжданы жетер іс. Қадыр нені жырласа да азаматтық ар тұрғысынан жырлайды. Шындықты, тек шындықты жырлайды. Сондықтан да оның

жыры соншалықты өтімді, әсерлі, қалың қауымға етене жақын, ыстық. Сондықтан да мына жолдарды айту Қадырға сәлекет емес:

Тумадым мен бақ-дәулет жию үшін,
Барлығын да ұлыңның қиюы шын.
Жүректі де беререм,
О, туған жер,
Керек-ау ол өзінді сүю үшін.

Ел мен жерге деген сүйіспеншілік Қадыр поэзиясының жетекші пернесі. Жақсыны көріп қуанса да, жаманды көріп налыса да бәрі сол туған жерге деген ыстық ықыластың шырқаушыңынан тасып төгіліп жатады. Халық мүддесі-сырына нәр, жырына-өжеттік, өткірлік, керек десеңіз, батылдық берген; «қиын» тақырыптарға тайсалмай баруға медет болған. Сондықтан да ақын оқушысымен сезімтал серігіндей қалтарыссыз сырласады: жүрек дірілін, өзек жарған запырын сезімін дұрыс түсініп, дәл басарына сенімі мығым. Өз ортасының тағдыр-талайы мен өткен күннің бел-белесін келер шақ мінбесінен ашық айтады, бұлтаққа салмайды. Қия-құзды, қысты-көктемді «дала дидарының» шиыр, шатқалаңын «ой орманымен» барлаған ақын «домбырасын» толғана күмбірлетеді, «Жер ұйықты» жырлайды. Айналаға замандас-оқушы замандас-ақын көзімен қарайды: бірге қайғырады, бірге қуанады, мынау қадау-қадау тірлікті ойлы азамат салмақты пайымдайды. Поэзия құдіреті көпшіліктің көкейіндегі ойына, көкірегіндегі тебіренісіне үндестік табуында емес пе?

Иә, Қадыр жырының өзекті арнасы-өз басымыздан кешкен, өзімізді толғантқан, өзімізді қуантқан не күйіндірген, дарқан даламызды дүбірлеткен өмір –тарих «Ақын да бір перзенттің қолындағы, өз сырым де жырларын томындағы»-деп автор айтқандай, ақын жыры- біздің жырымызға, ақын сыры-біздің сырымызға айналды. Ақын дарынына ерекше нәр беретін қасиет те осы шын өмір мен шынайы сенім.

Автомат, пулеметпен қырқып атып,
Талайды кетті-ау сөғыс шырқыратып,
Ері өлген жесір әйел көрші бізге
Шылымды шегетұғын бұрқыратып.

Жесірге жастау кезде ғашық көп-ті
Бірақ ол жаманаттан қашып кетті...
Кетерде жары құйған фундаментке
Мінекей жиырма жылдан асып кетті...

Білмеймін өткізеді күнін нағып,
Көрмейсің тұрғанын күлім қағып,
Отыр ол мұрагерсіз,
Басқа әйелдің
Олжадан тауып алған ұлын бағып...

Автомат, пулеметпен қырқып атып,
Талайды кетті-ау соғыс шырқыратып,
Осының бәрін ойлап жесір әйел
Шылымын отырады бұрқыратып...

Құрметті оқушы, осы шумақтарды оқығанда неге жүрегің дүрсілдеп қоя береді, неге тебіреніп кетесің? Иә, бұл жасанды, жарты кеш өлең емес, өмір жалынына шарпылған шындық-тіршілік трагедиясы. Шылым түтінімен ішің ыстап, жан жарасын жеңілдетіп отырған жесір әйел бүкіл бір қауымның қасіретін арқалаған бейне. Бұл-адал жан, асыл жар қасіреті. Әйел кейпі-шынай жырдың қайнар қаны, сезім ұйытқысы, Шерменде жар үнсіз қайрат-қажырлылығымен көрініп, ауыр сырды шылым түтінімен сыртқа шығаруда. Ақын өлең шешімін алақаның салмайды-оқушының зерделі зейініне сенеді.

Төрт кітапты жинақтаған «Көш», қос «Домбыра» мен «Жерұйық»-өмір туралы толғаныс-тамыр кернеген қызу қанымен, тағатсыз соққан жүрегімен, адамдар тағдырын, тарих сырын сол күрделі қалпында жырлап, сол күрделі қалпында жұртшылыққа ұсынады.

Ақын Қадыр Мырзалиевтің еңбек адамына арнаған әндері тынысты, көңіл базарының шарықтаған шағын көреміз. Мысал ретінде «Жас шопан жырын» алсақ жалындаған жастық сезім мен туған жерге деген ықылас, еңбек ләззаты мен гармониялық тұтастық тауып, тың образ туғызған. Қызық та, бақыт та, жемісті еңбек те туған жер, өскен елмен ұштасып жатқанда ғана баянды.

Ал көпшілікке аян «Дархан дала» мүлде өзгеше тәсілмен жазылған. Оның құрлысы, ішкі интонациясы мен образ жүйесі еңбек қарқыны мен алаулаған домна көрінісін, алғыр азаматтардың қимылын ерекше қайрат-құлшыныспен береді.

Ертегіден кемі жок ендігінің,
Қызығын бір көрдік жер кеңдігінің,
Домалаған киіз орнына
Домналар алаулап келеді бүгін!

Әнін Мансұр Сағатов жзған «Қызыл қырманда» да оттылық жігер бар.

Ақынның тағы бір жаңа өлеңі-«Миллиардың отаны»,-әні Әшірхан Телғозиевтікі. Бұл өлеңді балладаға балағың келеді. Автор туған халқының үш ұлы қасиетін жырлайды. Әр шумақ сол ұлы қасиеттің бірімен түйіліп, тұйықталып отырады:

Ең бірінші батыр осы-Тың дала!
Ең бірінші ақын осы-Тың дала!
Ең бірінші ырыс осы-Тың дала!..

Қадырдың жастық шаққа арнаған өлеңдері де сезімге бай. Жан-жүйенді баурап алар сырлы әуез—өмірдің өзіндей алаулайды. Ақын қиын сезімнің өзін жырлай отырып, тыңдаушысын бірде еріксіз езу тартқызып, іле ренішке итермелеп, кенет қайта қуантып, сезім сергелденімен араластырып жүре береді («Алыс арман», «Жұмбақ жүрек», «Көктемде», «Алтыбақан әні», «Күтем сені күн сайын»).

Өмір күрделі өмір қызық: қуанышыда аз емес, күйігіде жеткілікті. Оның тоғыз тарау, тоқсан тарам жолында үздіксіз кездесіп, үздіге қоштасып жатқан шақтарда тіршіліктің қандай хикаясы шертілмейді! Адам тағдырындай махаббат тағдыры да қилы-қилы...

Мансұр Сағатовтың әніне жазылған «Бақыт құсы» ғашықтың ғажабы мен азабын, жас жүректің үміті мен күдігін алмастыра келіп тыңдаушысына жарық сәуле құйып кетсе, «Үзілген үміт» пен «Махаббат мұңынан» қызығынан күйігі, қуанышынан қайғысы басым арманда кеткен махаббаттың жасыл ормандай жанып түскен сәтін, ғашық жанды жаралған күйзеліс пен қиналысын көрерсіз.

Поэзия ақын сыры, ақын сыйы. Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді,- деп Қадырдың өзі айтқандай, поэзия алқабында ақын мен оқушысының жүрегі әлі талай табысып, әлі талай сыр шертісері хақ.

Қорытынды

Қазіргі қазақ поэзиясының аса көрнекті, талантты ақыны, Қазақ Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қадыр Мырзалиев бүгінде арамызда жоқ. Бірақ оның өлмес те өшпес биік парасат пен ұлылықты, халқымыздың бойындағы асқан адамилықты жыр еткен туындылары ешуақытта өшпек емес, жыл өткен сайын жасарып, талай ұрпақтың рухани қазынасына, азығына айналароына ешқандай күмән жоқ. Қазақ балалар поэзиясына өзіндік үлес қосқан, біздің келешегіміз болған жас бүлдіршіндер мен балдырғандардың ой- өрісін, сана сезімдерін, олардың туған халықтары әдебиетіне құштарлығын дамытуда Қадыр өлеңдері жақсы қызмет атқарып келеді.

Қазақ поэзиясында сонау Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардан бастау алатын қазақ балалар әдебиеті бұл күнде керегесін кең жайып бүкіл әлемге танылып отырса, мұнда алдымен ақын Қадырдың үлесі бар екені даусыз. Сәкен, Бейімбет, Ілиястар, Мағжан, Жүсіпбектерден бастап қазақтың белгілі ақын-жазушыларының бәрі дерлік балалар тақырыбына қалам тартпай өткен емес. Себебі-бала еліміздің болашағы. Кім де кім өз елін, өз халқын сүйсе, оның сол халықтың болашағына көңіл бөлмеуі, солардың тәрбиесіне, жақсы да саналы ел азаматы болуына көңіл бөлмейтіні болмайды.

Жалпы әдебиетке қойылатын талаптар сияқты балалар әдебиетіне де әдебиеттің халықтығы дегендей талаптар қойылған болатын. Баланың талғамы, ойы, ықыласы, қабілеті, тілінің даму мәдениеті, олардың өсу, есею жолдарына қарай әр алуан ерекшеліктері болады. Әрбір қаламгер балалардың осындай өсу ерекшеліктерімен санаспай болмайды.

Қадыр - бұл жолда да өз соқпағын таба білген ақын. Жазушы тіл шеберлігін игерумен қатар, алдыңғы қатардағы білімді, мәдениетті азамат болумен бірге, бала тәрбиесіндегі мақсаты мен міндетін де ұмытпағаны жөн. Міне,

Қадыр Мырзалиев осындай шындықты ту қып ұстаған таланттардың бірі.М. Горький айтқандай: «Балалар әдебиетіне араласатын автор әр алуан жастағы оқушылардың барлық өзгешеліктерін ескеруге тиіс. Бұлай етпеген

күнде оның кітабы балаға да, үлкенге де, «керексіз», иесі жоқ кітап болып шығады».

Қадыр Мырзалиевтың балаларға арналған поэзиялық туындыларын оқи отырып, М. Горький қойған талаптардан ақынның мүдірмей өткенін тағы да айтпай кетуге болмайды

Қадырдың тұңғыш тырнақалдысы - екі шумақ өлеңі- 1958 жылы Орал облыстық газетінде жарияланған екен. Содан бері ақын тынбай ізденіс үстінде қазақ поэзиясын өзінің ойлы да парасатты жырларымен байытып, өзі қайтыс болғанға дейін (2011) қаламын қолынан түсірмей өтті. Біздің мақсатымыз тек балаларға арналған туындылар болғандықтан, ақынның басқа өлеңдеріне толталмадық. Бірақ бір ескерер шындық ақынның қандай туындысы болмасын оны ересектер үшін, не балалар үшін деп бөлу тек шартты түрде ғана. Ақынның барлық өлеңдері де үлкенге де, кішіге де сабақ боларлықтай, парасат пен таным боларлықтай ойлы дүниелер.

Мәселен, ақын соңғы жылдары экология мәселесіне орай үлкен проблемалық мәселелер көтеріп, ойлы өлеңдерді көптеп жазды. Бұларды тек ересектерге не балаларға деп бөлуге әсте де болмайды. Табиғатты қорғау, экология тәрбиесі мен мәдениетін біз алдымен балаларға үйретуге тиіспіз.

Ақынның соңғы, өткен ғасырдың кейінгі жылдарындағы туындылары «Қызыл кітап» деген атпен басылып шықты. Жинақта адам баласының қырсыздығынан жер бетінен тіпті жоғалып кеткен не жоғалып кетуге дайындап қойылған аңдар, құстар, өсімдіктер туралы сыр шертіледі. Осыларды осындай дәрежеге әкелген табиғат апаты ғана емес, кейбір адамдардың ойсыз-зердесіздігі, сұғанақтығы деген ой білдіреді ақын. Өлеңдерді оқи отырып тек үлкендер ғана емес, балаларда ойға қалары, табиғатпен ойнауға, оны қорлауға болмайтынын түсінері хақ.

Біз өзіміздің мамандық жұмысымызда ақынның балаларға арналған «Күміс қоңырау» деген жинағын алғанбыз. Жинақ не үшін «Күміс қоңырау» деп аталған. Алдымен, жинақтың атында да үлкен мән бар. Тәрбие мектепте қатар құрбылар арасында беріледі. Қоңырау үні балаларды ізгілікке, еңбек

сүйгіштікке, алғырлыққа үндеуі керек деген ой түйіні бар сияқты. Оның үстіне ақынның балаларға арналған өлеңдерінің ең үздіктері осы «Күміс қоңырау» жинағында теріп берілген. Әрине, жинақтағы барлық туындыларды толық талдап шыға алдық дей алмаймыз. Оған уақыт та, мүмкіндік те болмайтыны белгілі. Әсіресе, ақынның балаларға арналған мысалдары мен ертегілері, жұмбақтары мен жаңылпаштары өз алдына дербес зерттеу объектісі етіп алуға татырлық дүниелер. Бұларды біз тек шолу түрінде ғана әңгімелеп өтумен шектелдік.

Қорыта айтқанда ақын Қадыр Мырзалиев өзінің балаларға арналған поэзиялық туындыларымен қазақ балалар әдебиетінің қазіргі дәрежесіне айқын да салмақты үлес қосты, балалар туралы танымдық, тәрбиелік мәні аса бағалы дүниелер берді дей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. И.А Каримов. Узбекистон буюк келажак сари. Ташкент «Узбекистан» 2006. ж
2. Қ. Мырзалиев. Күміс қоңырау. Алматы «Жазушы» 1989. ж
3. Қ. Мырзалиев Күміс қоңырау. Алматы «Жазушы» 2005. ж
4. М Әуезов Уақыт және әдебиет. Алматы «Ғылым» 1977. ж
5. С. Мұқанов Халық мұрасы шығармалары 16 том, 15-том. Алматы 2001.ж
6. М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. «Мектеп» 1986. ж
7. Қ. Жарықбаев. Психология. Алматы «Мектеп» 1989. ж
8. І Омаров. Серпін (таңдамалы) Алматы «Жазушы» 2000. ж
9. М. Горький. Әдебиет туралы. Алматы «Жазушы» 1985. ж
10. В.Г. Белинский. Шығармалары. Алматы «Жазушы» 1981
11. Қ. Бержанов. Педагогика тарихы. Алматы «Мектеп» 1989. ж
12. Ш. Ахметов. Қазақ балалар әдебиетінің очеркі. Алматы «Мектеп» 1986.ж
13. Ш. Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. □-кітап Алматы «Мектеп» 1993. ж
14. Ш. Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. □□-кітап Алматы «Мектеп» 1994.ж
15. Қазақ балалар жазушысы (жинақ) Алматы «Жазушы» 2003.ж
16. Сөзстан (жинақ) Алматы «Жазушы» 2001. ж
17. С. Қирабаев. Таңдамалы сын- зерттеу еңбектері. Алматы «Жазушы» 1997. ж
18. Х. Әдібаев. Уақыт және суреткер. Алматы «Мектеп» 1990. ж
19. Х. Әдібаев. Көк жиек. Алматы «Жазушы» 1988. Ж
20. Қ. Мырза Әлі үш томдық шығармалары Алматы «Жазушы» 1983. ж

Мазмұны

I. Кіріспе	4
II. Негізгі бөлім.	12
1. Қадыр Мырзалиев өлеңдеріндегі балдырғандар бейнесі.	12
2. Ақын сабағы- дүниетаным құралы.	23
3. Ақын ана тілі туралы және балаларға арналған өлеңдердің тілі, көркемдігі.	35
III. Қорытынды.	48
IV. Пайдаланылған әдебиеттер.	51